

ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ РАХМЕТ!

Ғалия Ақаева,

Алматы қаласының
Мәдениет басқармасының
«Алматы қаласының Мемлекеттік
архивінің» құжаттарды
ғылыми пайдалану бөлімінің
басшысы



*...Болсыншы аман атамыз,
Болсыншы аман апамыз.
Тілеген дәйім жақсылық,
Болсыншы қабыл батаңыз...*

Алғыс айту күні – халықтың бірлігін, өзара сенімділігі мен құрметінің орнығуына негіз болған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім саясатын айшықтайтын айтулы мереке. Бұл күн – тағдыр тәлкегімен Қазақ жеріне қоныс аударған түрлі этностардың құт сыйлаған қасиетті жерге, кең пейіл қазақ халқына – деген терең тағзымының белгісін танытатын күн.

Алғыс айту күні бұл мереке тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көп этносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. «Алғыс айту күні» – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейрімділік пен ақ көңілдің, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлердің күні.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға жер аударылған корей, шешен, ингуш, түрік, орыс, украин, белорус, еврей, поляк, неміс, болгар, қырым татар және де басқа халықтардың өкілдері болды. Қазақ халқының кең пейілділігі мен қамқорлығының арқасында аман қалғандар бүгінде Қазақстанда берекелі ғұмыр кешіп келеді. Алғыс айту күніне орай Алматы облыс аумағында корей халқының диаспорасы «Қазақ халқына мың алғыс, рахмет» атты қазақ халқына құрмет көрсеткен ниетпен монумент орнатқан. Алғыс айту күні жылда оның өкілдері монументке барып гүл шоқтарын қояды. Ата жұртынан алыстап депортацияланғандарды қазақ халқы бауырына басып, баспанасынан бөлме

беріп, алдындағы асымен көмектесті. Қазір олар Қазақстанда бейбіт елде ұрпақ өрбітіп отыр. Қазақ халқына алғыстарын айтуда...

Уа, дариға, алтын бесік туған жер,

Қадіріңді келсем білмей кеше гөр!

Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей

Ақын болмай тасың болсам мен егер, – деп кезінде болашақ ұрпаққа мол әрі аса құнды мұра қалдырған Қасым Аманжолов атамыз туған жеріне деген ыстық сезімін, риясыз махаббатын осы өлең жолдарымен жеткізіп кеткен еді. Туған жер – ол біздің алтын бесігіміз, кіндік қанымыз тамған жер. Туған жер – әр адамның дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Сондықтан ең бірінші Аллаға, екінші туған жерімізге алғыс айту – біздің перзенттік парызымыз.

Көптеген жылдар бойы миллиондаған тағдырлардың тоғысуы, жүздеген этностардың өзара араласуы, дәстүрлері мен өмірлік ұстанымдарының ұштасуы дара көшбасшымыздың жетекшілігімен қайталанбас рухани және бірегей мәдениеті қалыптасқан ұлт болып ұйысып, болаттай берік бірлігі бар еңселі ел болуымызға негіз қалады.

Біз – бір тудың астына жиналған тұтас мемлекетпіз. Біз үшін әр ұлттың орны ерекше, әр адамның өмірі құнды. Мен кешегі тарихымыз ата-әжемізге, келер болашағымыз жас буынға, әрдайым жанымнан табыла білетін отбасыма, бір қазанда бітісе қайнап, бірге еңбек етіп жүрген әріптестеріме алғыс айтқым келеді.

Осы орайда өзім қызмет ететін архив – мемлекеттің кешегі және бүгінгі тарихының сақтаушысы. Ұлтымыздың кешегісі мен бүгінгісін құрайтын құнды құжаттарды болашақ ұрпаққа аманат ету міндеті архившіларға сеніп тапсырылған. Өзінің тарихын, өзінің өткенін білген ұлт біртұтас және өміршең болады, соның негізінде ұлттық сана-сезім қалыптасып, дамиды.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының архивтер және құжаттама бөлімінің басшысы М.Турмухамбетоваға және Алматы қаласы Мәдениет басқармасының архивтер және құжаттама бөлімінің бас маманы Г.Берденоваға, Алматы қаласының Мәдениет басқармасының «Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің» директоры А.Ботановқа, аталған архив директорының орынбасарлары Е.Сүндетовке, А.Исаловаға, тынбай халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан сұранымдарды орындау бөліміне және құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету бөліміне, архивтік құжаттарды ғылыми пайдалану және жариялау бөлімінің оқу залына келетін зерттеушілерге, архив қызметкерлеріне, Сіздердің баршаларыңызға алғысым шексіз, әрқайсыларыңыздың орындарыңыз мен үшін ерекше!

Жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңіздер. Жақын адамдарға қайырылымдығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңыздар.

...Жалынды сәлем жалпыңа,

Бас ием ата салтыма.

Қуана қарсы алатын,

Ризамын туған халқыма!!!